

М.С. Джангужиев

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: dsi-1949@mail.ru)*

Қазақ қоғамының мәдени өміріндегі орыс және татар интеллигенцияларының орны

Аңдатпа. Мақалада XIX ғасырдың ортасы – XX ғасырдың басында қазақ өлкесіндегі мәдениет саласы – соның ішіндегі, кітапхана ісінің ұйымдастырылуы, қазақ қоғамын зерттеумен айналысқан орыс және татар интелегенциялар тобының құнды мәліметтері туралы ой көтерілген. Сонымен қатар, қазақтың ағартушы ғалымдары білім саласын бірізділікке салуда Орынбор және Қазан қаласының баспаханаларынан шыққан кітапхана қорларын кеңінен пайдаланғандығы жөнінде сөз қозғалған. Кітап санының артуына жеке баспаханаларда өз үлесін қосқандығы жөніндегі нақты мәліметтер арқылы келтірілген. Біраз кітапханалар қараусыз қалып, кейін талан-таражға түссе де, оны сақтап қалуға тырысқан қазақ зиялы топтарының еңбегі тарих беттерінде сақталған. Білім және мәдениет саласының жандануын қолға алу нәтижесінде қазақ өлкесінің көрші елдермен мәдени-экономикалық байланысын нығайтып қана қоймай, халыққа рухани азық бергендігі деректер арқылы дәлелденген.

Түйін сөздер: кітапхана, мұрағат, мұражай, ұйым, қазақ, мекеме, баспахана, дана, қолжазба, жинақ, том, кітап, сауда, мешіт, мектеп, дизайн, халық.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2020-130-1-18-24>

XIX ғасырдың аяғына таман Қазақстанда ауқымды түрде қызмет атқарған саланың бірі – кітапхана болды. Кітапхана ісі көптеген сирек кездесетін ескі қолжазбалар мен көне кітаптарды жинастырып, көптеген ғылыми мекемелермен және мерзімді басылымдармен құнды материалдармен алмасып, ауқымды қызметтер атқарды. Сөйтіп, бірте-бірте өлкеде ғылыми кітапханалар өз қызметін бастап, ал қоғам мүшелері туған өлке тарихын зерттеуге мүмкіндік алды. Нәтижесінде XIX ғасырда өлкемізде құрылған мемлекеттің мекеме мен ғылыми ұйымдар және түрлі қоғам жанынан құрылған мұрағаттар мен мұражайларда кітапханалар жұмыс істей бастап, басылып шыққан жаңа кітаптармен толығып отырды. Тарихи мәліметтерге келтірсек, М.А. Корф (1800-1876) XIX ғасырда кітапхана саласының дамуына зор үлес қосып, Ресейдің ірі губернияларында 31 көпшілік кітапхана мен 7 уездік кітапхананың пайда болуына оның есімі тарихта қалған. Оған дәлел кітапхана саласын зерттеумен айналысқан тарихшы В. Галиев Орынбор қырғыздары (қазақтары - Ұ.А.) шекаралық басқармасының жанында бай кітапханалардың болғанын жазып кеткен. Ал В.В. Григорьев болса сол уақыттағы кітапхана ісінің ұйымдастырылуын жоғары бағалаған [1].

Василий Васильевич Григорьев (1816-1881) Ресей Сыртқы істер министрлігінде қызмет атқарған, Ресейлік ғалымдар ішінен академиялық бағытта Қазақстанды ғылыми тұрғыда зерттеп, еңбек еткен шығыстанушы. В.А. Перовский бұйрығымен 1852 жылдың 10 қаңтарынан 1863 жылдың қаңтарына дейінгі Орынбор генерал-губернаторлығында қызмет атқарады. Ол Ішкі Бөкей Ордасына қызмет бабымен келіп, Орданың әлеуметтік құрылымы, шаруашылығы, өткен тарихын жазу туралы қосымша тапсырма алып, кейін қазақ қоғамына байланысты маңызды еңбектерін жазып қалдырған. Шығыстанушы ғалым қазақ тарихы мен мәдениетін зерттеуде алдымен Қазақстан мен Орта Азия туралы мол деректі 1853 жылы орын алған қоқандықтардың Ақмешіт бекінісіне В.А. Перовскийдің жорығына қатысқан кезеңді жинайды. В.В. Григорьев жорықта В.А. Перовскийдің жорық кеңсесін басқарған. В.А. Перовский тапсырмасы бойынша ғалым үш тарихи жазбаны әзірлеп, Орал

және Орынбор орыс-казактары туралы тарихи мағлұматтарды жинақтайды. Сөйтіп, қазақ өркениетіне байланысты көптеген жаңалықтар ашады. Мысалы, шығыстанушы В.В. Григорьевтің Қазақстан туралы жазған мақалаларында қазақ даласының тарихы, экономикасы, мәдениеті және этнографиясы туралы мәселелер көтерген [1].

1857 жылы профессор В.В. Григорьев қазақ даласын аралап, Қарақұм шөлейті, Ембі, Тобыл, Ой бойларында болып, кейіннен «Майор Бланкеннагелдің Орынбордан Хиуаға дейінгі сапарының нәтижелеріне ескертпе», «Хиуа хандығының суреттемесі және Сарайшық бекінісінен хандыққа дейінгі жол», «Бұхар мақтасы, оны Сырдарияға өсірудің мүмкіндіктері», «Орынбор қырғыздары (қазақтары - Ұ.А.): олардың адалдығы және сауда ісіне икемділігі», «Қырғыз тілі дыбыстарының орыс әріптерімен берілуі», «Троицкідегі қазақ балаларына арналған мектеп», «Үстірт арқылы өтетін темір жол туралы», «Жайық өзеніндегі параход жүргізу ісі», «Жайық өзенінен Сырдарияға дейін кеден шебін созу туралы», «Амудария өзенінің көне ағысы туралы» бірнеше ғылыми мақалаларын жазған. Оның қазақтарға адамгершілік сезімінің жоғарлығы сонша, қазақ тілінде жазған хатында: «Өзім де қазақтың қалпағын киетін болдым, мұрт қойдым, мұнымның өзі мұрттан гөрі сақалға көбірек ұқсайды, шекпен киіп отырамын. Мұның бәрі маған тамаша ұнайды... Қымыз ашыту өнерін де үйреніп алдым», -депті. Сонымен қатар, ол қазақтардың егін шаруашылығымен айналысуына қолдау білдірген [1].

Оның әкімшілік саласындағы қызметі ғылыми жұмыспен айналысуға көптеген кері әсерін тигізген. Себебі Орынборда ғылыми әдебиеттердің жетіспеуі салдарынан оған Санкт-Петербургтегі жеке кітапханасын көшіріп әкелуге мәжбүр болады. В.В. Григорьевтің ғылымға деген қызығушылығы сонша, ол Орынбор генерал-губернаторымен келісімге келіп, 1853 жылы Санкт-Петербург, Мәскеу, Қазан қалаларынан кітап алдырту үшін күміс ақшамен 1000 руб. қаражат бөлгізген. Нәтижесінде Қазан университетінен әкелінген қазақ және Орта Азия елдері тарихы туралы мол кітап қорлары жинақталған. Бұл кітапхана қоры В.В. Григорьев Орынбор әкімшілігінде қызмет атқарған кезінде жүзеге асса, ал ол қызметінен кеткен соң, бұл кітапхана тоналып, талан-таражға түскен. В.В. Григорьевтің жасақтаған бұл бай кітапхана қорын ағартушы педагогы Ы. Алтынсарин де пайдаланған. Оған дәлел Н.И.Ильминский: «Ыбырай Алтынсарин түске дейінгі уақытты В.В. Григорьев қалдырған кітаптарын оқумен өткізетін, кітаптан тек қазақтар келгенде ғана бас көтеретін, себебі, ол қазақтарға тілмаштық қызмет көрсетті. В.В. Григорьевтің кеңесі бойынша Ы.Алтынсарин кітап оқыған кезде өзіне таныс емес орыс сөздерін арнайы дәптерге жазып отырды, сосын бұл дәптерді Василий Васильевичке көрсететін, ол әр сөздің тұсына оның мазмұнын қысқа және дәл жазып беретін» деп жазған екен [1].

В.В. Григорьев қазақтың ағартушы ғалымдары танысып, Ш. Уәлиханов, Е. Бекмаханов сынды ғалымдармен дос та болып кеткен. Белгілі ғалым Е. Бекмаханов болса, В.В. Григорьевтің жеке мұрағатынан Шоқан туралы біраз мәлімет табуға болады десе, американдық тарихшы Лоуренс Крадер «Орта Азия халықтары» монографиясында: «Григорьев жазған кезең барысында, яғни, 1870 жылы Орта Азиядағы татарлардың ықпалы аз болды. 1850, 1860 және 1870 жылдарда Ш. Уәлиханов, А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин арқылы көрініс тапқан қазақтың зиялылық гүлденуі орыстық бағытта болды. Тек келесі кезеңде ғана татарлар ықпалы сезілді», — деп баға берген. «Орта Азиядағы татарлар» деп тұрғаны түркі халықтары жөнінде болуы керек, XX ғасыр бас кезеңінде тәуелсіздікке ұмтылған қазақ елі түркі халықтарымен біріге әрекет еткені бәрімізге аян [1].

XIX ғасырдың II жартысында Батыс Қазақстан аймағында кітапхана ісімен айналысқандар қатарына В.В. Завьялов, А. Харузин, В.Н. Витевский, Н. Бородин, А.Е. Алекторовтарды жатқызуға болады. А.Е. Алекторов қазақтар туралы библиографиялық зерттеу жұмысын жүргізіп, кейін оның 1900 жылы Қазан қаласынан жарық көрген «Указатель книг, журнальных и газетных статей и заметок о киргизах» деп аталатын еңбегі көптеген ға-

лымдардың оң бағасына ие болған [1].

1878 жылдың 5 мамырында құрылған Қазан университеті жанындағы Археология, тарих және этнография қоғамы 1889 жылы Мұрағаттық комиссия мүшелері шешімімен өзінің ғылыми еңбектерімен хат алмасуды ұйғарған. Комиссия кітапханашысы И.С. Шукшинцев мәлімдеуінше, XVII-XIX ғасырлар аралығындағы кітаптары мен баспасөз материалдары мен көне кітаптар мен ескі қолжазбаларды жинақталған. Мұрағаттық комиссия кітапханасы қорында 1895 жылы 6700 атаулы кітап, 10000-ға дейін том болған. 141 бет. Сонымен қатар Н.В. Беляев пен Н.Н. Волжин сияқты комиссия мүшелері өздерінің көне кітаптарын кітапханаға қалдырып отырса, жеке адамдар сыйлаған көне кітаптар саны 98 атаумен 100 томға жеткен [1].

XIX ғасыр аяғы мен XX ғасырдың басында Шығыс кітаптарын бастырып шығаруда ағайынды Каримовтардың үлесі өте зор болды. Кітап басу ісі алғашқы болып 1900 жылы 1 наурызда Қазан қаласында өз қызметін бастаса, ал 1900 жылдың 28 қарашасында Орынборда жүзеге асты. Нәтижесінде 1901-1904 жылдары 79 кітап басылып, олардың жалпы тиражы 172 мың данаға дейін жеткен. Ал 1917 жылға дейін ағайынды Каримовтар баспаханасында 2000 түрлі атаумен түркі тілдес халықтардың кітаптары басылып шыққан. Ағайынды Каримовтар XX ғасырдың бас кезінде Шамсиддин Хусаиновтың баспахана ісін дамытуда біріге қызмет атқарған. Айта кетсек, А. Жиреншиннің «Қазақ кітаптарының тарихынан» атты көрген қазақ кітаптары туралы зерттеуіне өз үлестерін қосқан. Ал Ш. Хусаинов болса, Орынбор, Қазан, Ташкент, Омскі, Уфа, Санкт-Петербург, Верный, Астрахан қалаларынан өздерінің жеке баспаханаларын ашқан. 1901 жылы Каримовтардың Орынборда тұратын кішісі Мухамед-Фатых Гильманович болса, Ыбырай Алтынсариннің «Қырғыз хрестоматиясы» (1879 жыл), Байбатша Мырза Жүсіп Нұрымұлының «Бала Әбубәкір». Өлендер жинағын, (1907 жыл), «Қырғыз ауыл школларына әліппе» («Букварь для киргизских аульных школ») (1908 жыл), А. Байтұрсынұлының «Қырық мысал» («Сорок басен») (1912 жыл), Сыдық Байсалиевтің орыс тілінен аударған «Адамның чумасы туралы» («О чуме») және «Обадан қалай сақтану» («О предохранении от холеры») (1911 жыл) және т.б. жеке баспаханасынан шығарып көмектескен. Ғылыми мұрағаттық комиссия ісіне З.М. Рамеев, С.Ш. Рамеев, А. Ягофаров, А.А. Мухамедияров, Алиев Хасан, А.Р. Фахретдинов, А. Байтұрсынов, Ғ. Балғымбаев, Г.Х. Еникеев сияқты түркі тілдес халықтар өкілдері жұмыс істеуі барысында 1912 жылы 576 түрлі атаумен, барлығы 6332 том кітап жинақталса, 1914 жылы бір жылдық есеп бойынша 924 атаумен жаңадан кітап түсіп, барлығы 1179 томға жеткен. Сонымен қатар С.В. Азелицкий 1914 жылы 7 мамырында оздырылған Комиссия мәжілісінде И.И.Крафтың «Қазақтардың Дала облыстарының жүйеленген заңдар жинағы» мен «Семей, Ақмола, Торғай және Орал облыстарың басқарудың жоғарыдан бекітілген Уақытша ережесі» атты екі кітабын сыйға тартса, 1914 жылы 26 тамызында А.В.Попов өзінің әкесі Г.В.Витевскийдің «И.И.Неплюев және Орынбор өлкесі» атты еңбектің 30 данасын табыс еткен. Мұның барлығы елдегі кітапханаларды тізімдеп, жинақтауға және олардың жүйелі жұмыс жасап отыруын қажет етті. Бұл ауқымды шараларды реттеуге Халық ағарту министрі қызметін атқарған граф Е.И.Игнатъев Министрліктен жылына 3000 руб. бөлініп тұратындығына уәде берген [1].

1905 жылдан бастап Ғ.Тоқаев Оралдың жергілікті «Фикр» жаңа мұсылмандық газетінің баспаханасына қызметке орналасып, бастапқыда айлық жалақысы 5, ал кейін 10 рубльге дейін өсті. Баспаханадағы қызметі оны әдебиет ұшқынын оятып, газет ісіне жақындатып, оған әрі оқуын жалғастыруға мүмкіндік туғызды. Содан Ғ.Тоқаевтың 1905 жылдан бастап жарық көре бастаған шығармаларының ең алғашқысы «Мужик юкусы» (Ер ұйқысы) деп аталды. Таңдалған тақырып кездейсоқ болған жоқ. Алғашқы шығармашылық кешінде алдымен ер адамның ұйқысына арналған шығарма кіші бауырының қайғысына арналған. Ғ.Тоқаев үшін өзге өңірлерге қарағанда Орал қаласы өмірдің кездейсоқ сатысы іспеттес

болып көрінді. Себебі оны қашанда мәдениеті бай Қазан қаласына тартып тұрды. Сөйтіп, 1907 жылы кездейсоқ мұра ретінде қабылдаған 100 рубльге F.Тоқаев Қазан қаласына келіп, өмірінің соңына дейін осы аймақта бар күш жігерін поэзия мен публицистикаға арнады [1].

К.П.фон-Кауфман татар даласындағы миссионерлік бағытқа жақсы көзқарас танытпады. 1896 жылы татар даласындағы жүзеге асып шараларға ислам даласын насихаттаушылар және экономикалық тұрғыда қанаушылар деген бағасын берсе, ал И.В.Аничков: «татарлар миссионерлік бағыт пен саудада бәсекелес танытып, сауда мешіт мүдделерін ғана жақтап, ал көшпенділерді азиаттық ауылшаруашылық мәдениеттің тәжірбиесімен таныстырды», -деген пікірді ұстанды [1].

Сонымен қатар, автор: «Қазалы қаласындағы татар мектептері болса орыстардың қабылдаған еуропалық оқыту әдістерімен бәсекелес болды. Бұл бәсекелестік біртіндеп күшейіп, орыстардың назарын өздеріне аудара бастады. Белгілі бір шаруашылық түрі мен саудамен айналысып, өзіндік мәдениетін қалыптастырды. Татарлармен бәсекелес болған сарттар: «қала тұрғындары болса, ұрлықпен айналысып, сауда және мешіт мүдделерімен ғана өмір сүрді, деген пікірді ұстанды. Бірақ мұндай өмір сүру салты татарларға қатысты емес. Татарлар Қазалы қаласындағы мектептерінде білім беру үрдісі жаңа дыбыстық әдістер бойынша жүргізді. Татарларды еуропалық әдістермен мұсылмандарды таныстыруда ресейлік бәсекелестер болды. Ферғана облысының 1908 жылғы деректеріне сүйенсек, содан 10-12 жыл бұрын мұғалімдердің басым көпшілігі Ресей губернияларынан келген. Түркістандағы татар мектептерінің пайда болуы осы онжылдыққа сәйкес келіп, алайда орыс мектептерінің саны жағынан өсуі байқалып, олардың саны 1896 жылы 28-ге, 1906 жылы 83-ке, 1911 жылы 89-ға жетті [1]. Бірақ та 1910 жылы Ташкентте ашылған 162 оқушы білім алған 8 орыс мектебіне қарағанда, ірі қалалық орталықтарында құрылған татар мектептері айтарлықтай үлкен табыстарға жетті. Алайда Түркістандағы татар мектебінің даму тарихы Ферғана облысының статистикалық деректерімен қайшы келіп, көрсетілген мәліметтер күмән туғызады. Статистикалық деректерге сүйенсек, 1908 жылы Ферғана облысында 1306 білім алушыдан тұратын 30 мектеп (оның ішінде Қоқан қаласында 607 білім алушыдан тұратын 12 мектеп), 1910 жылы 12 мектеп болса, оның ішінде Қоқан қаласында 8 мектепте 530 адам сауатын ашты. Жаңадан ашылған татар мектептері жергілікті тұрғындарға әсер етпей қоймады. Мысалы, А.И.Добромысловтың 1910 жылғы деректеріне сүйенсек, 1900 жылы Түркістан қаласындағы 30 татар мектебінде оқытудың жаңа әдісі дұрыс жүргізілсе, тек екі мектебі біртіндеп жаңа әдіске көше бастады. Ал Қазалыда 1903 жылы жаңа әдісті татар мектептерімен қатар 6-7 жылдық қырғыз мектептері де қолдана бастады.

Әрине татар мектептері ауылдық өңірлерде емес, ірі татар орталықтарында құрылды, осы орталықтарда татар мектебінің жұмысы орыс тілінен гөрі әлдеқайда сәтті жүрген. 1910 жылы Ташкентте 162 оқушысы бар 8 орыс мектеп және 530 оқушыдан тұратын 8 жаңа мектепте негізінен татарлардан келген мигранттар шоғырланған. Түркістандағы татар мектебінің тарихына тоқталсақ, өз кезінде даму тарихы әлі жетілмеген, 1903 жылы құрылған осы мектептерде қырғыз мұғалімдері қызмет атқарған [2].

Осылайша, 1892 жылы орыс бастауыш сыныптарының мұғалімдерінің жетіспеуіне байланысты бірнеше жылдан соң татар мектептерінің ықпалы өсе бастады [2].

Оның үстіне, Поволжьедегі татарлардан бөлек, сарт әдебиетіне 1888 жылы Самарқандқа темір жол ашылғаннан кейін, 1898 жылы Ташкент қаласына дейін жалғасқан Түркістанда басқа кавказдықтармен бірге көп мөлшерде пайда болған Кавказдан келген татарлар (әзірбайжандар) да әсер етті. Орынбордан Ташкентке темір жол ашылғаннан кейін Кавказ бен Персиядан келген эмигранттар Сырдария облысының солтүстік бөлігіне кірді [2].

И.Н.Харитонов, сонымен қатар, қаталдық пен қарапайымдылықты, анықтықты бейнелейтін әртүрлі түйреугіштердің сынықтарынан орысша шрифтердің жаңа суреттерін жасады. Тіпті, университеттің, Уақытша үкіметтің, Антонов, Варакин сияқты Қазанның

ірі баспаханалары да И.Н. Харитоновтың сызбаларына сәйкес жаңа орыс қаріптерін алуға мәжбүр болды [4].

И.Н. Харитоновтан кейін татар кітаптарын ескі тәсілмен басып шығаруды жалғастыру мүмкін болмады. Бұл жетістіктерді есепке алмағандар татар кітаптарын басқаларға басып шығаруға жол беруі керек еді. Солардың бірі 60-жылдардан бастап татар кітаптарын шығарған Чиркованың мұрагерлерінің баспаханасы. XIX ғасырда осыдан үлкен пайда түсіріп, жаңалықтары өзгерткісі келмеген И.Н.Харитонов, татар кітаптарын басып шығаруды тоқтатуға мәжбүр болды. Бұл Қазанның басқа баспаханаларына да қатысты болды. И.Н.Харитоновтан кейінгі кейбір баспаханалар жаңа татар қаріптерін алуға және татар кітаптарының полиграфиялық дизайн деңгейін көтеруге мәжбүр болды. И.Н.Харитоновтың баспаханасынан татар қаріптерінің әр түрлі жаңа қаңқалары сатып алынды, әсіресе, 1910 жылдан бастап Қазан, Орынбор, Уфа, Астраханьдағы барлық татар баспаханалары. Бұл қаріптер Кавказ, Семей, Ташкент баспаханаларынан, тіпті Циньянь қаласынан да келіп түсті [5].

XX ғасырдың басында татар халқының баспасөзге деген сұранысының өсуіне байланысты Қазанның басқа да аймақтарында татар баспаханалары пайда болды. Мұндай мекемелер, әсіресе, татарлар басым көпшілігі құрайтын Петербург, Астрахань және Батыс Қазақстанның өзге аймақтарында пайда болды. Санкт-Петербургтегі И.Бораганскийдің және Орынбордағы Ф.Каримидің баспаханаларынан басқа мекемелер бірінші орыс революциясының арқасында пайда болды. Бұл мекемелердің қызметі татарлардың кітап ісінің алға басуына айтарлықтай үлесін қосты. Айта кетсек, олардың ішіндегі басылымдар саны мен жарияланған жұмыстардың құндылығы жағынан Орынбор баспаханасы бірінші орынды иеленді. Араб хаттары негізінде жазылған татар қаріптері өте ерте - XIX ғасырдың 30-жылдарының басында пайда болды. Олар Орынбор генерал-губернаторының әскери баспаханасында аймақ басшылығына арналған түрлі бұйрықтар мен нұсқаулықтар шығару үшін құрылды. Бұл қаріптер кітаптар басып шығару үшін пайдаланылмады [3].

Бреслин баспаханасы Орынбордағы бастауыш мектептеріне арналған шығыс баспа тарихында елеулі із қалдырмады. XIX ғасырдың аяғында мұнда 20-ға жуық татар, қазақ, башқұрт тілдерінде басылымдар шығып, олардың орыс қаріпінде басылып шығуына тапсырыстар берілді. Ал XIX ғасырдың аяғында мұнда кітаптарды араб графикасында шығару жандана бастады [6].

1899 жылы М.Ф.Каримидің «Хатыннар вазыйфысы» («Әйелдердің міндеттері») атты аудармасы, Ш.Шагидуллинаның «Заман» атты күнтізбесі, Х.Файзуллинаның «Рәхбар имла» («Емле ережелері») және тағы да басқа шығармалар жарияланды. 1900 жылы Орынборда татар баспаханасының ашылуына байланысты Бреслиндегі баспахана ісі өз жұмысын тоқтатты. 1915 жылға дейін жұмыс жасаған Бреслин баспаханасы кейінгі жылдары әртүрлі іс-қағаздары мен бланкілерді және затбелгілерін және т.б. басып шығарғанмен, Орынбордағы орыс тарихына қатысты шығармаларды жариялауда қосқан үлесі аз болды. Ал XX ғасырдың басында православиелік шығармалар шығыс тілінде басылды [3].

XX ғасырдың басында татар кітаптарының сапасын анықтау мақсатында Баспа істері жөніндегі Санкт-Петербург комитеті ресми түрде татар кітаптарына деген цензураны тоқтатты, бірақ 1906 жылдың басынан жеке баспаханалар жариялаған кітаптарын ереже бойынша комитетке жіберуді жалғастырды. Осылайша 1906 жылдың алғашқы 2-3 айында ішінара «тізілімдерде» тіркелген кітаптар ғана басылып шықты [1].

1905 жылғы революциядан кейін Қазан уақытша баспасөз комитеті құрылған уақыттан бастап, алдымен, Қазан қаласындағы татар кітаптарына, кейін Еділ, Орал, Батыс Қазақстанда жарияланған барлық тілдегі басылымдарға цензура жүргізді. Комитет өз қызметін 1907 жылдың 1 қаңтарынан бастап, «Баспасөзде жарияланған барлық кітаптарға ескерту мақсатында Қазанның баспасөз істері жөніндегі уақытша комитеттің кітабын» ұсынды [6].

Татар тіліндегі кітаптар башқұрт, қазақ, ұйғыр, өзбек, түрікмен, әзірбайжан, құмық, қарақалпақ және т.б. түркі тілдес халықтарына қол жетімді болды. Татар оқырманы үшін жарық көрген кітаптар осы түркі тілдес халықтар арасына таралып, оларға рухани азық болды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Ахметова Ұ.Т. XVIII-XX ғасырлардағы Қазақстанды зерттеген ғылыми қоғамдар мен мекемелер: тарихы, зерттеу бағыттары және маңызы// Орынбор ғылыми мұрағаттық комиссиясы (1887-1918 жж.): монография — Алматы: «Арыс» баспасы, 2013. - 320 б.
- 2 Бартольд В.В. Татарский поэт Абдулла Тукаев. -Казань: Иман. 2011. -24 с.
- 3 Каримуллин А.Г. У истоков татарской книги. (От начала возникновения до 60-х годов XIX века). -Казань: Таткнигоиздат, 1971. -224 с.
- 4 Татар Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы Орталық Мемлекеттік архиві. 1-қор, 4-тізбе, 5395-іс.
- 5 Татар Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы Орталық Мемлекеттік архиві. 1-қор, 4-тізбе, 4503-іс.
- 6 Ленинград Орталық мемлекеттік тарихи архиві. 10-қор, 1-тізбе, 97-іс.

М.С. Джангужиев

*Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева,
Нур-Султан, Казахстан*

Роль русской и татарской интеллигенции в культурной жизни казахского общества

Аннотация. В статье идет речь об организации библиотечного дела в казахском крае в середине XIX в.- начале XX в. и ценном наследии русской и татарской интеллигенции по изучению казахского общества.

По мнению автора, в целях оптимизации образования казахские ученые-просветители использовали библиотечные ресурсы издательств Оренбурга и Казани. Кроме того, автор приводит конкретные факты о роли казахской интеллигенции в работе типографий, в том числе в увеличении количества публикаций. Хотя многие библиотеки были расформированы и закрыты, известны труды казахской интеллигенции.

В результате изучения истории и культуры казахского общества середины XIX в. - начала XX в. были подтверждены факты не только об укреплении культурных и экономических связей с соседними странами, но и о духовной пище народа.

Ключевые слова: библиотека, архив, музей, организация, Казахстан, учреждение, типография, копии, рукопись, коллекция, том, книга, торговля, мечеть, школа, дизайн, население.

M.S. Janguzhiyev

L.N.Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

The role of Russian and Tatar intelligentsia in the cultural life of Kazakh society

Abstract. The article deals with the organization of library business in the Kazakh region in the mid-XIX - early XX centuries and the valuable heritage of the Russian and Tatar intelligentsia for the study of Kazakh society.

According to the author, in order to optimize education, Kazakh scientists and educators used library resources of publishing houses in Orenburg and Kazan. In addition, the author provides specific facts about the role of the Kazakh intelligentsia in the work of printing houses, including the increase in the number of publications. Although many libraries were disbanded and closed, history knows the works of the Kazakh intelligentsia.

As a result of studying the history and culture of the Kazakh society of the mid-XIX - early XX centuries, the facts were confirmed not only about strengthening cultural and economic ties with neighboring countries, but also about the spiritual life of the people.

Keywords: library, archive, museum, organization, Kazakhstan, institution, printing house, copies, manuscript, collection, volume, book, trade, mosque, school, design, population.

References

- 1 Ahmetova U.T. XVIII-XX gasyrlardagy Kazakstandy zerttegen gylymi kogamdar men mekemeler: tarihy, zertteu bagyttary zhane manyzy [Scholars and institutions of Kazakhstan in the XVIII-XX centuries: Historical, directions and essence of research] // Orynbor gylymi muragattyk komissiyasy (1887-1918 zhzh.): monografiya [Orenburg commissions (1887-1918)] («Aris» Baspas, Almaty, 2013, 320 p.).
- 2 Bartold V.V. Tatarskij poet Abdulla Tukaevyu [Tatar poet Abdulla Tukaevu] (İman, Kazan, 2011, 24 p.).
- 3 Karimullin A.G. U istokov tatarskoj knigi. (Ot nachala vozniknoveniya do 60-h godov XIX veka) [At the origins of the Tatar book. (From the beginning to the 60s of the XIX century)]. (Tatknigoizdat, Kazan, 1971, 224 p.).
- 4 Tatar Avtonomiyalyk Kenestik Socialistik Respublikasy Ortalyk Memlekettik arhivi. 1-kor, 4-tizbe, 5395-is [Central State Archive of the Socialist Republics of the Tatar Autonomous Council. Box 1, List 4, Case 5395.].
- 5 Tatar Avtonomiyalyk Kenestik Socialistik Respublikasy Ortalyk Memlekettik arhivi. 1-kor, 4-tizbe, 4503-is [Central State Archive of the Socialist Republics of the Tatar Autonomous Council. Box 1, List 4, Case 4503].
- 6 Leningrad Ortalyk memlekettik tarihi arhivi. 10-kor, 1-tizbe, 97-is [Archive of the Central State Tariffs in Leningrad].

Автор туралы мәлімет:

Джангужиев М.С. - Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Тарих» мамандығының 2 курс докторанты, Сәтпаев көшесі 2, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Janguzhiyev M.S. – 2nd year PhD student of the specialty «History», L.N.Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str. 2, Nur-Sultan, Kazakhstan.